

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

2022 жылғы 25 наурыздағы № 18  
Нұр-Сұлтан қаласы

25 марта 2022 года № 18  
город Нур-Султан

## Білім беру ұйымдарында шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығымен бекітілген Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларының 12-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес «жасыл» және «сары» аймақтарда орналасқан өңірлерде барлық меншік нысанындағы және ведомстволық тиісті білім беру ұйымдарында:

- 1) кабинеттік оқыту жүйесін болдырмауға;
- 2) маска кию режимін міндетті түрде сақтауға қойылатын талаптар алынып тасталсын.

Маска кию режимін сақтау білім беру ұйымдары әкімшілігінің шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес өңір «қызыл» аймаққа ауысқан кезде барлық меншік нысанындағы және ведомстволық тиісті білім беру ұйымдарында маска кию режимін сақтау және зертханалық, практикалық сабақтарды қоспағанда, кабинеттік оқыту жүйесін болдырмау қамтамасыз етіледі.

3. Барлық меншік нысанындағы және ведомстволық тиісті білім беру ұйымдарының басшылары «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021

жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысының осы қаулыға қайшы келмейтін бөлігіндегі талаптарын қатаң сақтауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**

**А. Есмағамбетова**

**Согласовано**

25.03.2022 17:10 Тилесова Айгуль Шарапатовна  
25.03.2022 17:14 Рахимжанова Марал Тлеулесовна  
25.03.2022 17:17 Садвакасов Нуркан Олжабаевич  
25.03.2022 17:33 Ахметова Зауре Далеловна

**Подписано**

25.03.2022 18:50 Есмағамбетова Айжан Серикбаевна

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Басманов